

Қ.С. Өскембаев¹ , С.А. Ескалиев² , К.Т. Бодеев³ 

¹Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан;

²А. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Астана, Қазақстан;

³Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
(E-mail: k.uskembayev@gmail.com; samat.eskaliev@mail.ru; bodeev-78@mail.ru)

1920–1930 жж. кеңес билігінің дінге қарсы күресі

Индуриаландыру, ұжымдастыру, мәдени төңкеріс, ғылым мен мәдениетті, кеңестік идеологияға қызмет ететін зиялы қауымды және жаңа өмір салтын қалыптастыруды көздеген міндеттер арқылы Кеңестер Одағында социализм орнатудың доктринасы іске асырыла бастады. Мақалада авторлар осы тұрғыда 1920–1930 жж. кеңестік биліктің дінге, дін қайраткерлеріне қарсы жүргізген ұстанымдары мен саясатын анықтайды. Сонымен қатар кеңес үкіметінің дінге қарсы ұзақ уақытқа созылған саясаты кезеңдерін қарастырады. Авторлар архив материалдары негізінде тоталитарлық қоғам тұсындағы халықты «құдайсыз» кейіпке түсіру үшін жүргізген арнайы іс-шаралары және дін қайраткерлеріне байланысты ұйымдастырылған қуғын-сүргін, қозғалған қылмыстық істер жайлы баяндайды.

Кілт сөздер: қазақ діни қайраткерлері, ислам құндылықтары, қуғын-сүргін, қылмыстық істер, мемлекеттік саясат, халық жады.

Кіріспе

1920 жылдардың ортасында Кеңестер Одағында социализм орнатудың доктринасы іске асырыла бастады. Ол үш үлкен міндетті: индустриаландыруды (*ағрарлық елден дамыған индустриялы елге*); ұжымдастыруды (*социалистік ұжымдық ауыл шаруашылығын құру*); мәдени төңкерісті (*сауатсыздықпен күресу, кеңестік білім жүйесін енгізу*); ғылым мен мәдениетті, кеңестік идеологияға қызмет ететін зиялы қауымды және жаңа өмір салтын жасауды көздеді. Соңғы міндетті орындау барысында Кеңес үкіметі құдайсыз қоғам құруға нық бағыт алып, соны орындауға құлшына кірісті. Құдайсыздар қоғамы өздерінен білімі және діни сауаты жоғары тұлғалармен күресу үшін кеңес үкіметінің аймақтарында дінге қарсы ұйымдар құра бастады. Солардың бірі 1920 жылдары РК(б)П — БК(б)П (1918–1925 жж. *Ресей коммунистік большевиктер партиясы атанды — РК(б)П; 1925–1952 жж. БК(б)П — Бүкілодақтық коммунистік большевиктер партиясы; 1952–1991 жж. КОКП — Кеңес Одағының Коммунистік Партиясы – авторлар*) Орталық Комитетінің және Қазақстан аймақтық комитетінің (Казкрайком) жанында құрылған үгіт-насихат бөлімі (ҮНБ) немесе «уағыз-насихат» бөлімі еді. Орысшасы агитационно-пропагандистский отдел (АПО). Бұл ҮНБ бөлімі біртіндеп басқа органдар мен мекемелерге жетекшілік етті және оларға бақылау жасады. ҮНБ құрамына басқа да бірқатар органдар мен мекемелер, атап айтсақ үгіт-насихат, мәдени-бұқаралық бөлімдер, комсомол, кәсіподақ органдары, партиялық оқу органдары, баспасөз органдары, хабар тарату т.б. аталатын ерікті қоғамдар, бірлестіктер, жауыққан құдайсыздар одағы, ОСОАВИАХИМ (*ОСОАВИАХИМ — қорғаныс, авиация және химиялық құрылысқа көмек қоғамы — КСРО-да 1927–1948 жж. құрылған жаппай ерікті қоғамдық әскери-патриоттық ұйым – авторлар*) және білім беру қоғамдары т.б. кірді [1].

Зерттеу әдістері

Мақаланы жазуда анализ, синтез сияқты жалпы ғылыми әдістер 1920-1930-шы жылдардағы кеңес билігінің дінге қатысты саясатына талдау жасауға мүмкіндік берді. Осы әдістерді қолдану зерттелетін мәселені бағалаудың ортақтығы мен ерекшелігін анықтауға көмектесті. Зерттелген тақырыпты жазуда салыстырмалы тарихи немесе салыстыру әдісін қолдану арқылы кеңес билігінің дінге қатысты жүргізген шараларын салыстыру, бағалау мүмкін болды. Мақаланың әдіснамалық негізін тарихилық, объективтілік пен жүйелілік принциптері құрайды.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: k.uskembayev@gmail.com

Нәтижелер және оларды талқылау

1921 жылдың наурыз айынан бастап аты өзгерген «Саяси ағартушылық басқарма» бөлімі дінге қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуге басшылық жасай бастады. 1920-1930 жылдардағы осы бөлімнің құжаттарында XX ғасырдың басынан бастап қазақтар арасында мұсылмандыққа қызығушылықтың артып келе жатқандығы туралы жиі айтылды. Қазақ ауылындағы қоғамдық қарым-қатынас, саяси, шаруашылықтағы жеке меншікке қатысты мәселелер ислам дінімен тікелей байланыстырыла бастады. Қазақ ауылындағы діндарлықтың артуына мұсылмандық ұйымдар мен діни тұлғалардың (ишан, молда) ықпалынан болады деген тұжырымдар жиіледі. Олар халық арасында буржуазиялық, ұлтшылдық ұрықтарды тастап, теріс ұстанымдарды енгізуде деп санады. Сонымен қатар, кеңес билігі қазақ ауылдарында кеңестік құқық нормаларының орнына шарифат соты мен ақсақалдар, ру басшылары мен байлардың қоғамдағы ықпалы жоғары деп есептеді. Тұрғындар арасындағы діндарлықтың артуы мен мұсылмандық қозғалыстың дамуы сырттан келетін мұсылмандық ұйымдар өкілдерінің (татар және өзбек) іс-әрекеттері нәтижесінен екендігі көрсетілді.

Сөйтіп билікті толық өз қолдарына алған большевиктер «Коммунистік идея мен дін үйлеспейді» деген ұранды басшылыққа алып, мәселенің шешімін мемлекетті дінбасыларынан «тазартудан» көріп, оны жүзеге асыруға кірісті. Бұл күресте олар шектен тыс айуандық танытты, мораль мен құқықтың барлық нормаларын ашық түрде елеусіз қалдырды.

Қазақ ауылдарына өз идеологиясын енгізуге ислам дінін басты кедергі деп таныған большевиктер партиясы ескі дәстүрді сылтауратып, аз уақыттың ішінде оны жоюға кірісті. Бұл ретте олардың күш көрсету әдісінен басқа күрес әдістері болған жоқ, өйткені олардың барлық идеялары іске аспайтын қиял ғана болатын. Ал ислам ғұламалары әділдік пен имандылықтың терең білімді жақтастары, әділ қоғам үшін күресушілер ретінде большевиктерге бәсекелес болып қана қоймай, қоғам өмірінде топтастырушы, тәрбиелеушілік рөл атқарды. Кеңестік тоталитарлық жүйе дінге қатысты өзінің ерекше батылдығын, жеке адамның рухани дүниесіне араласуын, барлық адамгершілік принциптерді елемейтінін көрсетті.

Бірнеше жылдар бойы Кеңес үкіметінің дінге қарсы ұзақ уақытқа созылған саясатын зерттеуші ғалымдар оның келесі кезеңдерін былайша айқындайды:

1917–1928 жылдар — КСРО-дағы мемлекеттік-діни қатынастардың бірінші кезеңі. Бұл кезеңде мемлекет пен дін қатынастарының кеңестік үлгісінің дамуы дін және құлшылық орындары (мешіт, шіркеу) туралы қаулылар, олардың жүзеге асырыла бастауы болды.

1929–1942 жылдар — ислам үшін ең қайғылы, жаугершілік атеизм мен дінге қарсы террордың салтанат құру кезеңі.

1943–1960 жылдар ислам мен Кеңес мемлекеті арасындағы қарым-қатынастың үшінші кезеңі болды. Кезеңнің басталуы соғыс жағдайларының қысымымен дінге қарсы майдандағы биліктің шегінуімен сипатталды.

1960–1980 жылдардың ортасында мемлекет пен ислам арасындағы қатынастар күрделі эволюциядан өтті. Әлемдік отаршылдық жүйенің күйреуі және жаңа мемлекеттердің құрылуы жағдайында кеңестік мұсылман ұйымдары Шығыстағы сыртқы саясаттың құралы ретінде қарастырыла бастады.

1980-1991 жылдар мемлекет пен ислам арасындағы қатал қарым-қатынас кезеңі болды. Кеңестік идеологтар КСРО-да исламның құлдырауы мен мүлдем жойылуы туралы болжам жасады, алайда дәл осы кезеңде қоғам исламның қайта жаңғыра бастауымен бетпе-бет келді [2].

Енді осы аталған алғашқы екі кезеңіндегі кейбір мәселелерге тоқталсақ. 1917 жылы 25 қазаннан кейін заңсыз билікке келген большевиктер ымыраға келу арқылы мұсылман халықтарын бірте-бірте өз жағына тарту тактикасын біршама жүргізді. Ол үшін әр түрлі мұсылмандар съезін өткізіп, патша өкіметі кезінде тартып алған жерлерін қайтарып, халықтың біршама үмітін оятты. Мұсылман дінбасылары «Кеңес өкіметі үшін! Шарифат үшін!» деп ұрандап бұқараны азаматтық борыштарын орындауға шақырған кездері де болды. Биліктің мұсылман халықтарына деген алғашқы әрекеттері ел арасында аңғал үміт тудырып, бұл жаңалықтар ислам мен социализм идеалдарының жақындасу мүмкіндігі деп түсінді.

Алайда, көп ұзамай 1918 жылғы қаңтардағы «Шіркеуді мемлекеттен, мектепті шіркеуден бөлу туралы» Жарлықтың қабылдануымен-ақ, оны жүзеге асыру мақсатында қабылданған нұсқаулар барлық діни ұйымды заңды құқықтарынан айырды және олардың мүлкін ұлттық қазына, мемлекеттік меншік деп жариялады. Осы сәттен бастап мешіттерді, шіркеулерді және басқа да діни мекемелерді

тонау және қирату басталды. Өз сенімдерін қорғаған ондаған имам-молдалар, жалпы діндарлар тергеусіз атылды.

Сөйтіп, Қазақстанда дін қайраткерлерін қудалау Кеңес өкіметі орнаған кезден басталды, бірақ қуғын-сүргін әрекеттері мен жазалау шаралары әртүрлі кезеңдерде түрлі дәрежеде жүргізілді, яғни өз ерекшеліктері болды.

Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін елде халыққа қарсы «Кіші Қазан» бағдарламасын жүргізу басталғанда шын мәнінде кең ауқымды, жүйелі сипатқа ие болды. Бұл ретте, қудалаудың негізгі тетіктері мен әдістері: мешіттер, храмдар, синагогаларды тәркілеу, діни қызметшілерді қудалау және бас бостандығынан айыру, діни қауымдарды мемлекеттік тіркеуден айыру, діни мекемелер мен діни басылымдарды жабу, мешіттерден, шіркеулерден, синагогалар мен өзге де діни ғимараттардан тыс белсенді діни қызметке іс жүзінде тыйым салу болды.

Екі-үш жыл ішінде барлық мұсылман діни бастауыш және орта оқу орны жабылды. Араб әліпбиінде жазылған оқулықтар мен кітаптар латын әліпбиіне көшірілді. Солай, кеңес өкіметі дін саласынан бұқараға айтарлықтай әсер ететін және большевиктік-коммунистік идеологияны енгізуге мүмкіндік бермейтін күшті идеологияны көрді. Әсіресе көпшілік мойындаған ишандар, молдалар тергеуге алынды, жеке мүліктері тәркіленді. Сайлау құқынан айырылып, тәркілеуге ұшыраған атақты ишандар мен хазіреттердің тізімі архив құжаттарын зерттеу барысында анықталды. 1927 жылдың 15 қаңтарындағы «Аса құпиялы» деген құжатта дауыс беру құқығынан айрылған діни қайраткерлер мен ишандар, молдалардың тізімдері жасала бастады.

1927 жылдың 8 тамызында БК(б)П ОК ұйымдастыру бөлімі «Мұсылмандық діни қозғалысына қарсы күрес шаралары туралы» қаулы қабылдады [3]. Осы қаулының артынша Қазөлкелік бюросы қазақ қоғамындағы діннің дамуын тежеу мақсатында, әсіресе ондағы мұсылмандық қозғалыстың қызметін ескеріп, оны толық тоқтатуды көздеген кеңес билігінің саясаты негізінде, ауқымды түрде дінге тікелей шабуылға кірісіп, келесі төмендегі 20 бағыттан тұратын шешім қабылдап жіберді [4]. Олар: 1. 18 жасқа дейін діни білім алуға тыйым салу. 2. Қазақ қоғамынан мұсылмандық діни басқарманы ажырату, діни қызметтің басшылық жүйесін, діни қайраткерлердің қызметін тоқтату, оларды жою, бірін-біріне қарсы қою. 3. Қазақ ауылында партия қызметін жандандыру, тек қазақ қоғамында ислам дінін теріс түсіндіру, ислам дінін материалистік идеялармен түсіндіріп, қоғамдағы шарифат туралы түсініктерді жою. 4. Қазақ ауылында діни қайраткерлерді, молдалар, ишандар мен сопылардың діни сезімі мен ар-ожданына қайшылық келтірмей, олардың қоғамдық, құқықтық, біліми-ағартушылық, емшілік-тәуіптік қызметімен күресуді жүйелі жүргізуді ұйымдастыру. Ол үшін қазақ ауылында кеңестік қоғамды дәріптейтін, қазақ тіліндегі мерзімді баспа, театр, жастар арасында комсомол ұйымын, кеңестік халықтық сот жүйесін құру. 5. Бүкіл кеңестік мектептерді қазақ ауылында мәдени-ағартушылық пен саяси-ағартушылықтың орталығына айналдыру. Кеңестік мектептердің қызметін күшейту. Түрлі қоғамдық және мемлекеттік ұйымдар ұйымдастыру. Мысалы, табиғатты аялаушылар, өлкетанушылық, ауыл шаруашылығына бейімдеу, жан-жақты сауаттылық және т.б. 6. Жалпы білім беру мектептері мен сауат ашу курстарында белсенділік танытқан тұрғындарға әрдайым материалдық қолдау беру, оқулықтармен қамтамасыз ету. 7. Кеңестік мұғалімдердің саяси сауаттарын арттыру. Кеңестік қоғамды діннен бөлу, педтехникумдарда біліми және тәрбиелік мазмұндағы жұмыстарды жүйелеу. «Жаңа мектеп» журналында үнемі кеңестік білім мен қоғамды дәріптейтін мақалалар жариялау. 8. Заң актілері негізінде мешіттердің жанындағы мектептерді кеңестік мектеп типінде реформалауға жол бермеу. Олардың жалпы білім беруін және халықты сауаттандыру жұмыстарын тоқтатып, тек діни рәсім орнымен шектеу. 9. Тұрақты немесе уақытша оқытушыларға мұсылмандық діни білім беруге рұқсат етпеу. 10. Мешіттерде діни білім алуды ұйымдастыруды губерниялық әкімшілік бөлімдерден ғана рұқсат сұрауды ұйымдастыру. 11. Мұсылмандық сенім бойынша заң бұзушылықты діни қауымның мүшелеріне емес, діни қызметкерлерге жекелей жауапкершілікті арттыру. 12. Мешіттен тыс жерлерде заңсыз ашылған мұсылмандық мектептердің қызметін тоқтату. НКВД мен ОГПУ-дың басшылығымен ауылдарда тексеріс ұйымдастыру. 13. Қазақ қоғамындағы мұсылмандық діни басқарманың қаржылық жұмысын бақылауға алу, салық салу. Халық арасында молдаларға қаржылық көмек беру және садақа, қоғамдық қорлар қызметін тоқтату. 14. Мұсылмандық діни басқармалар мен ишандардың мүлкін, жерлерін тәркілеу. 15. НКВД-нің және МАК көмегімен қазақ қоғамындағы молдалардың «неке және отбасы» қызметін толық тоқтату. 16. Мұсылмандық діни басқарманың қызметін толық тоқтату мақсатында, олардың өкілдерін қазақ халқының бас қосатын орындарынан шектеу. Жәрмеңкелер, ұлттық мейрамдар, әртүрлі съездер, жиналыстарда кеңестік қоғамды дәріптейтін саяси-ағартушылық

жұмыстарды ұйымдастыру. 17. Мұсылмандық діни басқарманың жастар мен әйелдер арасындағы белсенділігі артқандықтан Қазөлкелік және Әйелдер бөлімі күзіретіне бір ай көлемінде нақты кеңестік қоғамды дәріптейтін іс-шараларды ұйымдастыру арқылы жастар мен әйелдер арасында дінге қарсы үгіт-насихатты арттыру қажет. 18. Қазақстандағы исламға қарсы жұмыстарды арттыруда келесі іс-шараларды атқару қажет. Атап айтсақ, 1927-1928 жылдары барлық мектептер, техникумдар, жоғары оқу орындарында, әсіресе педагогикалық бағытта білім алушыларға исламға қарсы үгіт-насихатты айқындайтын бағдарламаларды құру, әдіснамалар мен әдебиеттерді баспадан шығару және қамтамасыз ету мақсаты қойылсын. 19 және 20-шы бағыттарында Қарақалпақ өңіріндегі діни ахуалды зерделеу мен ондағы мұсылмандық қозғалыспен күресудің жолдарына баса назар аударылған [5].

Осылайша, 1930 жылдары Қазақстандағы дінге байланысты саяси күрес үдей түсті. Діни қайраткерлер оның ішінде ишандар, хазіреттер, молдалар, сопылар және басқа да дін қызметкерлері (христиан, будда діндарлары т.б.) қудаланды, дауыс беру құқықтарынан айырылды, кеңестерге саяси көзқарасымен қарсылық пікір білдіргендерді «халық жауы» деген қара тізімге іліктіріп көзін жойды, ату жазасына кесілді, ондаған жылдарға еңбекпен түзеу лагерлеріне айдалды. Жалпы жазықсыз жапа шеккен діни қызметкерлерге үнемі кеңестік билік Қылмыстық заңның 58, 59-баптарымен айыптады.

Комиссиялардың құрылуының жұмысы осы құжаттан көргендей үкіметтің дінге қарсы күресте ең қатыгез әдістерді қолдана бастағанынан байқатады. Әсіресе ОГПУ, НКВД сияқты құқық қорғау органдарын тартудағы іс-әрекеттері. Соның бір мысалы 1928 жылы 4-желтоқсанда Орталық Комитетке «Ақмола губерниясындағы ислам ісі туралы» «құпия» белгісі бар құжат ұсынылды. Онда ислам діни қызметінің жандануы, Ақмола губерниясында бір жылда 6 мешіттің салынуы (1926 ж.), 2 мешіт құрылысының барысы, ауылдардағы тіркелген және тіркелмеген 80 молданың жұмысының соншалықты үреймен айтылуы.

Көненің көзін көрген ақсақалдар Қазан төңкерісіне дейін өлкеде шамамен 240 мешіттің болғанын айтады. Анықталған мұрағат деректерінде XX ғ. 20-жылдарында тіркеуге алынған 204-ке жуық мешіт, 88 православиелік шіркеу, 109 әртүрлі мінәжат үйлері болғандығын айғақтайды [3].

Нұр-Сұлтан қаласында (Астана) 2021 ж. қазан айында өткен саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның отырысында осыған байланысты Қазақстанда 1928-1933 жылдар аралығында 198 мешіт пен шіркеу жабылғаны жайлы мәлімет келтірілді. Сонымен бірге 1929 жылға дейін 2 469 ишан тұтқындалып, ауыр еңбекке салынған. Ал 1931-1932 жылдары республикамызда 19 800 дін қызметшісі тұтқындалып, қылмыстық жауапкершілікке тартылыпты. 1940 жылы Қарлағта 355 ишан қамауда болып, олармен бірге мешіттердің қатардағы қызметшілері де қуғын-сүргінге ұшыраған.

Қазақстанның православ шіркеуіндегі жағдайы да осылай болды. Астана және Алматы епархиясының әулиелерді канонизациялау жөніндегі комиссиясының төрағасы, Алматы теология семинариясының оқытушысы Яков Воронцовтың мәліметінше, бүгінгі таңда Қазақстан мен Орталық Азия аумағында осы сенімнің қуғын-сүргінге ұшыраған 5 379 қызметшісі анықталған. Олардың 4 000-нан астамы Қазақстан аумағында тұрған. Олардың 2 000-ның есімі сайтта көрсетілген. Бұл тізімдер іздеу жұмыстарының жалғасуына байланысты үнемі жаңартылуда [6].

Ең бір мән беретін жәйт сол кездерде қылмыстық істерді көтергенде бір іс бойынша бірнеше азаматты соттау тәжірибесі кеңінен қолданылғаны белгілі. Мәселен, Ақмола қаласында 1937 жылы 15-21 маусым аралығында Қорғаныс үйінде өткен ҚКСР Әскери шекаралық трибуналының тұрақты сессиясы мен Ішкі Күзет отырысының жабық сотында 25 адамның үстінен іс көтеріліп, контрреволюциялық идеялары үшін 16-сы сотталған. Соның ішінде Ақмола облысының имамы Темірғали Мирвалиев бастаған алты адам атылған, қалғандары әр түрлі мерзімге түрмеге жабылған. Сондай-ақ ойдан шығарылған істер бойынша шетелік діни ағымға қатысы бар контрреволюциялық қызметі үшін Қарлағта жазасын өтеген Сергей Зверев бастаған тоғыз православ діни қызметкерлері істі болып, барлығы да соңынан атылған [6].

Енді осы жерде 1937 жылы 2 ақпандағы Ақмола қаласының аудандық ПХК (НКВД) Мемлекеттік қауіпсіздік бөлімінің мұсылман дінбасылары мен таптық жау элементтерін (оның ішінде ишан, молдалар бар) № 11224 тергеу ісі бойынша 16 адамның үстінен іс қозғалғаны және сот шешімі туралы айта кетейік. Бұл іс бүгінде Астана қаласының Мемлекеттік архивінде сақталған [7].

Осы № 11224 тергеу ісі бойынша өңірдің мұсылман дінбасылары мен «таптық жау элементтерінің» қалдықтары Ортаазиялық және Ресей мұсылмандарының Орталық діни басқармасы басшылығымен (ЦДУМ России — Центральное Духовное Управление мусульман России)

Қазақстанда ұлтшыл контрреволюциялық ұйым құрғаны баяндалады. Ұйымның мақсаты Кеңес өкіметін құлатып, өз алдына барлық түркі халқын біріктіретін тәуелсіз ұлттық буржуазиялық-демократиялық мемлекет құру. Тағы да ойдан шығарылған айыптар, қайдағы бір ұлтшыл контрреволюциялық ұйымдар, шет мемлекеттің қолдауымен тәуелсіз ұлттық мемлекет құру мәселесі. Ол үшін Ортаазиялық және Ресей мұсылмандарының орталық діни басқармасы мүшелерімен келіссөздер жүргізу, атап айтқанда Тарджыманов пен Мағқұлов (Уфа өкілдері) т.б. шет мемлекетте тұратын ұлтшыл эмигранттар арқылы барлау органдарымен болған тыңшылық жұмыстары тергеу ісінің негізі болған.

1936 жылға дейін орталығы Ақмола қаласы болған ұлтшыл контрреволюциялық ұйым өзінің жетекшісі, молда Мірәлиев арқылы Орталық мұсылмандар діни басқармасының мүшелері Тарджыманов пен Мағқұловпен тығыз байланыста болған. Орталық Мұсылман Діни басқармасы мүшелерінің нұсқауымен өз өңірінде, яғни Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстарында мұсылман дін қызметкерлерін біріктірген. Тарджыманов пен Мағқұловтың нұсқауымен Мірәлиев сыбайластары арқылы Солтүстік Қазақстан және Қарағанды облыстарының экономикалық және саяси жағдайы туралы тыңшылық мәліметтер жинап, оны Тарджымановқа жеткізіп отырған. Сонымен бірге Мірәлиев өзі басқарған контрреволюциялық ұлтшыл ұйымға қатысушыларды колхоздарда заңсыз мешіттер салғызуға, антисоветтік үгіт жүргізуге, түркі-татар мемлекетін құру идеясын насихаттауға, жұмысшылар мен колхозшылар арасында кеңеске қарсы өлеңдер мен ұрандар таратуға, колхоздарды ыдыратып, көші-қон саясатын реттеуге, шаруашылық жоспарларын бұзу жұмыстарына үнемі араласып отырғаны баяндалады.

Аталған жоғарыда аталған антисоветтік әрекеттерді жүзеге асыру үшін Мірәлиев 25 адамнан тұратын топты таңдап алып, оның құрамына осы іс бойынша айыпталып отырған мына адамдарды тартқан. Олар: Өтеуов, Измайлов, Аманов, Ғайнитдинов, Тұрысбеков, Жармағамбетов, Хасенов, Балтабаев, Үдербаев, Айтқұлов, Рахымқұлов, Сүлейменов, Ахметов, Тоқымов, Қазамбаев, Жүзбаев, Утеуов, Жүсіпов, Шөптібаев, Таубеков пен Әлжанов (соңғысы тергеу барысында қайтыс болған) т.б. [7; 7 п.]. Осы тізім бойынша 25-іне нақты іс ашылып, сотталды (Төмендегі тізімде алғашқы 16-сы жайлы кеңірек ақпараттар берілген, қалғандарына дәл сондай мәліметтер жоқ – авторлар). Сот шешімі бойынша 25 адамның алтауына ең ауыр жаза — ату жазасы берілген. Олар: Миралиев Темірғали, Өтеуов Қартай, Измайлов Абдрахим, Жармағамбетов Саябек, Өдербаев Ысқақ, Рахымқұлов Ғалияутдин [7; 8-9 п.]. Олар Қылмыстық кодекстің 58-бабының 10 және 2-бөлігі бойынша айыпты болып саналып, өлім жазасына кесілді. Бұл баптың мазмұнына тоқталсақ, олар арнайы қорғалатын «аса құпия» болып табылатын мәліметтерді шетелдік мемлекеттерге, контрреволюциялық ұйымдарға немесе жеке тұлғаларға беру мақсатында жинау және ұрлау арқылы шпиондық жұмыс жүргізді деген айып еді. Қалған 12-сі де осы Қылмыстық кодекстің 58-бабының бөлімдері бойынша әртүрлі жылдарға сотталып кете барды. Мал-мүліктері тәркіленді, жақын туыстары қуғынға ұшырады [7; 7 п.].

Жалпы тергеу ісінде контрреволюциялық жұмысты ауқымды жүргізу үшін Мірәлиев жоғарыда аталған топтың адамдарын жекелеген елдімекендер мен колхоздарға бөлінгені айтылады. Мысалы: Мірәлиев, Измайлов, Ғайнитдинов және Тұрысбеков Ақмолада; Үдербаев Ақмола станциясында; Жармағамбетов, Өтеуов Қарағанды қаласында; Жүзбаев және Ахметов «Политотдел» атындағы колхозда; Балтабаев «Жаңаауыл» колхозында; Рахымқұлов «Қызыл ту» колхозында; Тоқымов «Нариман» атындағы колхозда; Жүсіпов «Октябрь» атындағы колхозда; Таубеков «Тайтөбе» атындағы колхозда; Айтқұловтың «Еңбекші» колхозында [7, 7 п.] үгіт-насихат жұмыстарын жүргізгендері жазылған. Аталған елдімекендерде, колхоздар мен ауылдар төңірегінде айыпталушылар 1933 жылдан бастап жоспарлы түрде заңсыз мешіттерде колхозшылар мен қазақ жұмысшыларын жинап, колхоздарды ыдыратуға, оларды жоюға бағытталған антисоветтік іс-әрекеттер жүргізген және Кеңес Одағының экономикалық қуатын әлсіретуге бағытталған жұмыстар жасағаны жөнінде ойдан шығарған фактілер берілген.

Сотталушылар Мірәлиев, Өтеуов, Измайлов және Тұрысбеков Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстары аумағында әрекет ететін ұлтшыл контрреволюциялық топтың барлық контрреволюциялық әрекеттерінің тікелей ұйымдастырушылары және жетекшілері болып табылды. Олардың бастамасымен және тікелей қатысуымен 1934 жылы 19 мамырда Ақмола мұсылмандары діни басқармаларының бір топ байлары заңсыз жиналыс өткізу үшін қаладан шығып, онда ұйымдастырушылар контрреволюциялық баяндамалар жасағаны айтылады [7; 8 п.]. Көріп тұрғанымыздай тергеу ісінде осындай «фактілер» жеткілікті, тіпті 1933-1937 жылдар арасындағы осы

контрреволюциялық жұмысты жүргізушілердің жылдап, айлап немесе белгілі бір күндерде жүргізген іс-әрекеттері өте «сенімді» дәлелдермен көрсетіліп жазылған. Істі қарап отырсақ діни қайраткерлердің тек діни құндылықтарды қорғағаны үшін ғана емес, кеңес үкіметіне қарсы астыртын үгіт-насихат жүргізгендері үшін деген желеумен олардың кейбірі Сібір, Қазақстандағы лагерлерге айдалып, абақтыға жабылса, көпшілігі имандылығы мен сеніміне берік болғандығы үшін өкінішке орай атылып кетті.

Сөйтіп, 1920 жылдардың басында басталған Кеңес өкіметінің дін басшыларына қарсы шабуылы 1930 жылдары бүкіл жерлерде физикалық түрде оларды жоюға немесе түрмелерге топтап тоғытқан заманға әкелді. Шындап келгенде ол кезеңдегі діни қайраткерлердің көпшілігі жергілікті халықтың жанашырлары еді. Сол діни қайраткерлердің көпшілігі ислам құндылықтарын дамытып, елдің діни идеологиялық қызметіне белгілі бір дәрежеде үлес қосқан адамдар болатын. Олар халық арасында қарапайым түсінікті тілмен, күнделікті тұрмыс-тіршілікте ұлттық құндылықтармен астасқан исламның хақ дін екенін, әр адамның жүрегіне жеткізіп, үлкен идеологиялық қызметтер атқарды. Өздеріне сенім артқан халық көмегімен мешіт ашып, балалардың сауатын ашумен айналысты. Асыраушысы жоқ панасыз қалған жетім-жесірді жинап, мешітке түскен қаржыны соларға бөліп беріп отырды. Тіпті, кейде сол кезеңдегі архив құжаттарынан олардың елге арпа, бидай, тары т.б. дәнді-дақылдар еккізіп, ауыл шаруашылығына үлкен көңіл бөліп, халықты кәсіпке баулығаны туралы да деректер кездеседі. Олар кеңестік билік тұсындағы қазақ халқының терең өзгерістерге түсу себептеріне, оның әлеуметтік, саяси, идеологиялық және экономикалық «жетістіктерге» жетуіне басты қадам жасаған саяси, идеологиялық әрекеттеріне сын көзбен қарады. Өйткені олар ел басына төнген қайғы-қасіретті көзімен көріп, үнсіз, қимылсыз отыруды өздерінің бойына мін санады. Сол үшін атылды, қуғынға ұшырады, түрмеге қамалды.

Осы жерде біз 1937 жылы 2 ақпандағы Ақмола қаласының аудандық ІІХК (НКВД) мемлекеттік қауіпсіздік бөлімінің мұсылман бір топ дінбасылары мен таптық жау элементтерін (оның ішінде ишан, молдалар бар) № 11224 тергеу ісі бойынша 16 адамның, сонымен бірге басқа істер бойынша сотталған діни қайраткерлердің тізімін беріп отырмыз. Бұл құжаттар жоғарыда жазғанымыздай бүгінде Астана қаласының Мемлекеттік архивінде сақталған [7]. Құжаттардың түпнұсқасын сол күйінде қазақ тіліне аударып, аздаған авторлық өзгерістермен беріп отырмыз. Олар:

1. Мирвалиев Темірғали Мирвалиұлы. Туған жылы: 1869 жылы Башқұртстанның Топорный ауданы, Старый Құрмаш ауылында туған. 1931 жылы РКФСР ҚК 58-10-бабы бойынша ОГПУ-дың үштік ПП-мен 5 жылға жер аударылуға сотталды, жазасын өтеді. РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-6-бабының 2-тармағы, 58-10-бабының 2 және 53-11-бабында көзделген қылмыстар үшін айыпталуда. 1-рет 1931 жылы; 2-рет 1937 жылы сотталған. Білімі — жалпы орта, рухани жоғары білімі бар, партияда жоқ, үйленген, әлеуметтік жағдайы бойынша діни ғибадат қызметшісі (Мұхтасиб).

2. Өтеуов Қарта. Туған жылы: 1878 жылы ҚазКСР Қарағанды облысы, Ақмола ауданы, № 10 ауылынан шыққан, шыққан тегі бай. РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-6-бабының 2-тармағы, 58-10-бабының 2-тармағы және 58-11-бабында көзделген қылмыстар бойынша 1937 ж. сотталған. Сауатты, білімі жалпы орта, рухани жоғары білімі бар, партияда жоқ. Бұрын сотталмаған, үйленген, әлеуметтік жағдайы бойынша діни ғибадат қызметшісі (молда).

3. Абдрахим Аюпович Измайлов. Туған жылы: 1868 жылы ҚазКСР, Қарағанды облысы Ақмола қаласы діни ғибадат қызметшісі отбасынан шыққан. РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-6-бабының 2; 58-10-бабының 2-тармағы және 58-11-бабында көзделген қылмыстар бойынша 1937 ж. сотталған. Сауатты, білімі жалпы орта рухани білімді, партияда жоқ. Бұрын сотталмаған, үйленген, әлеуметтік жағдайы бойынша діни ғибадат қызметшісі (молда).

4. Туруспеков Сәкен. Туған жылы: 1874 жылы ҚазКСР, Қарағанды облысы, Ақмола қаласы. РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-10-бабының 2-тармағы және 58-11-бабында қарастырылған қылмыстар негізінде сотталған. Жазасы: жеті жылға бас бостандығынан айыру. Сайлау құқығынан қандай мерзімге айырылды: бес жылға. Үкім шығарған соттың атауы: 1937 ж. КСРО әскери трибуналының тұрақты сессиясы. Сауатты, партияда жоқ, сотталмаған, үйленген, әлеуметтік жағдайы бойынша белгілі бір жұмысы жоқ, өйткені ол ресми түрде колхоз мүшесі болып саналса да, бірақ ол колхозда жұмыс істемеген. Үкім шығарылған жылы, айы, күні: 1937 жылғы 21 маусым. Үкімнің заңды күшіне енген жылы, айы, күні: 1937 жылғы 17 тамыз.

5. Гайнетдинов Шайхитдин. Туған жылы: 1858 жылы Татар АССР-ның Мамадыш ауданы Жульбет ауылы. Шаруа ортасынан шыққан. РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-10-бабының 2-тармағы және 58-11-бабында қарастырылған қылмыстары негізінде сотталған. Жаза: үш жыл бас

бостандығынан айырылды. Қандай мерзімге сайлау құқығынан айырылды: үш жыл. Үкім шығарған соттың атауы: КСРО әскери трибуналының тұрақты сессиясы, 1937 ж. Сауатсыз, партияда жоқ, сотталмаған, үйленбеген, әлеуметтік жағдайы бойынша белгілі бір кәсіптерсіз (мешіт мутавалдары). Үкім шығарылған жылы, айы, күні: 1937 жылғы 21 маусым. Үкімнің заңды күшіне енген жылы, айы, күні: 1937 жылғы 17 тамыз.

6. Рахимгулов Галяутдин. Туған жылы: 1875 жылы ҚазКСР, Солтүстік Қазақстан облысы, Сталин ауданы, Нөгербек ауылының діни ғибадат қызметшісі отбасынан шыққан. ҚК 61-бабы бойынша Қорғалжын ауданының халық соты 5 жылға жер аударуға шешім шығарған. РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-10-бабының 2-тармағы және 58-11-бабында көзделген қылмыстар үшін айыпталған. 1-рет 1929 ж., 2-рет 1937 ж. сотталған. Сауатты, партияда жоқ, білімі рухани жоғары. Үйленген, әлеуметтік жағдайы бойынша діни ғибадат қызметшісі (молда).

7. Ахметов Ысқақ. Туған жылы: 1881 жылы ҚазКСР, Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданының № 2 ауылында туған, кедей шаруасынан шыққан. РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-10-бабының 2-тармағы және 58-11-бабында қарастырылған қылмыстар негізінде сотталған. Жазасы: бес жыл бас бостандығынан айырылған. Қандай мерзімге сайлау құқығынан айырылды: үш жыл. Үкім шығарған соттың атауы: КСРО әскери трибуналының тұрақты сессиясы, 1937 ж. Сауатты, партияда жоқ, сотталмаған, үйленген, әлеуметтік жағдайы бойынша діни ғибадат қызметшісі (молда). Үкім шығарылған жылы, айы, күні: 1937 жылғы 21 маусым. Үкімнің заңды күшіне енген жылы, айы, күні: 1937 жылғы 17 тамыз.

8. Үдербаев Ысқақ. Туған жылы: 1878 жылы Қарағанды облысы, Ақмола ауданы, № 4 ауылынан, байлар тегінен шыққан. Ақмола қаласының халық сотымен ҚК 61-бабы бойынша 5 жылға сотталды. РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-10-бабының 2-тармағы және 58-11-бабында көзделген қылмыстар үшін айыпталуда. Жаза: 10 жылға бас бостандығынан айыру. Кіммен және қашан қамауға алынды: 29.07.1936 ж. Ақмола РО НКВД. Кіммен және қашан сотталды: ҚазКСР НКВД Шекара және ішкі күзет әскери трибуналы, 21.07.1937 жылы РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-10-бабы. Күні және оңалту органы: 28.02.1963 ж. КСРО Жоғарғы Сотының Әскери алқасы. Істі тоқтату себебі: қылмыс құрамының болмауына байланысты. 1-рет 1931; 2-рет 1936 ж. сотталған. Сауатты, партияда жоқ, жалпы және рухани орта білімі бар. Үйленген, әлеуметтік жағдайы бойынша діни ғибадат қызметкері (молда). Қандай мерзімге сайлау құқығынан айырылды: 5 жылға. Үкім шығарған соттың атауы: КСРО әскери трибуналының тұрақты сессиясы. Үкім шығарған сот ісінің нөмірі: №70. Үкім шығарылған жылы, айы, күні: 1937 жылғы 21 маусым. Үкімнің заңды күшіне енген жылы, айы, күні: 1937 жылғы 17 тамыз.

9. Айтқұлов Имам. Туған жылы: 1886 жылы ҚазКСР Қарағанды облысы, Ақмола ауданы, Қоскопа ауылдық кеңесінің шаруа малшыларынан шыққан. Тұрақты тұрғылықты жері: Ақмола қ. 1937 ж. РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-10-бабының 2-тармағы және 58-11-бабында қарастырылған қылмыстармен сотталған. Жаза: сегіз жыл бас бостандығынан айыру. Сайлау құқығынан қандай мерзімге айырылды: бес жылға. Үкім шығарған соттың атауы: КСРО әскери трибуналының тұрақты сессиясы. Сауатты, партияда жоқ, білімі жалпы және рухани орта білімді, сотталмаған, үйленген, әлеуметтік жағдайы бойынша қызметші (бұрынғы молда). Үкім шығарылған жылы, айы, күні: 1937 жылғы 21 маусым. Үкімнің заңды күшіне енген жылы, айы, күні: 1937 жылғы 17 тамыз.

10. Жүсіпов Әбдіхалық. Туған жылы: 1886 жылы Қарағанды облысы, Ақмола ауданы, № 1 ауылының байлар әулетінен шыққан. 1930 жылы Ақмола қаласының халық соты Қылмыстық Кодекстің 61-бабы бойынша 4 жылға жер аударылған. 1937 ж. РКФСР-нің 58-10-бабының 2-тармағы және 58-11-бабының қарастырылған қылмыстар бойынша сотталды. 1-рет 1930 жылы; 2-рет 1937 жылы сотталған. Сауатты, партияда жоқ, жалғыз басты, әлеуметтік жағдайы бойынша діни ғибадат қызметшісі (молда).

11. Жүзбаев Дүйсенбай. Туған жылы: 1882 жылы ҚазКСР, Қарағанды облысы, Ақмола ауданы, № 6 ауылында шаруа малшы отбасынан шыққан. 1937 ж. РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-10-бабының 2-тармағы және 58-11-бабында қарастырылған қылмыстарға сәйкес сотталған. Сауатты, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, үйленген, әлеуметтік жағдайы бойынша колхозшы (бұрын молда).

12. Жармағамбетов Саябек. Туған жылы: 1879 жылы ҚазКСР, Қарағанды облысы, Тельманов ауданы, № 5 ауылынан, байлар ортасынан шыққан. 1930 жылы Қылмыстық кодекстің 58-10-бабы бойынша 5 жылға бас бостандығынан айыруға сотталып, жазасын өтеген. Сонымен қатар 1937 ж. РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-10-бабының 2-тармағы және 58-11-бабында қарастырылған

қылмыстар бойынша сотталды. 1-рет 1930 ж., 2-рет 1937 жылы сотталған. Сауатты, партияда жоқ, жалпы және рухани орта білімі бар, үйленген, әлеуметтік жағдайы бойынша діни ғибадат қызметшісі (молда).

13. Балтабаев Қапу. Туған жылы: 1868 жылы, ҚазКСР Қарағанды облысы Ақмола ауданы «Ұзынкөл» ауылының байлар әулетінен шыққан. 1931 жылы ҚК 61-бабы бойынша халық сотымен сотталған. РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-10-бабының 2-тармағы және 58-11-бабында қарастырылған қылмыстар бойынша сотталған. 1931 жылы 1-рет; 2-рет 1937 жылы сотталған. Сауатты, партияда жоқ, білімі жалпы және рухани орта, үйленген, әлеуметтік жағдайы бойынша діни ғибадат қызметшісі (молда).

14. Таубеков Сатмағамбет (Сатен). Туған жылы: 1872 жылы Қарағанды облысы Ақмола ауданы № 10 ауылынан, байлар тегінен шыққан. РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-10-бабының 2-тармағы және 58-11-бабында қарастырылған қылмыстармен 1937 ж. сотталған. Сауатсыз, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, бірақ «Алаш Ордалық» Макиннің рулық тобына тартылғаны үшін жауапқа тартылған, үйленген, әлеуметтік жағдайы бойынша — колхозшы.

15. Токумов Салық. Туған жылы: 1879 жылы, ҚазКСР Қарағанды облысы, Ақмола ауданы, № 6 ауылынан, орта қолды шаруаларынан шыққан. РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-10-бабының 2-тармағы және 58-11-бабында қарастырылған қылмыстармен 1937 жылы сотталған. Сауатты, партияда жоқ, бұрын сотталмаған, үйленген, әлеуметтік жағдайы бойынша діни ғибадат қызметшісі (молда).

16. Бельгибаев Пушык. Туған жылы: 1871 жылы ҚазКСР Қарағанды облысы, Ақмола ауданы, № 10 аулынан, тегі бай. 1926 жылы төңкерілген кеңестендіру науқанында теріс мамыр тобына қатысқаны үшін сотталған, 1930 жылы халық соты ҚК-нің 61-бабы бойынша 3 жылға жер аударды. 1937 жылы РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-10-бабының 2-тармағы және 58-11-бабы бойынша сотталды. Бірінші рет 1926 жылы; екінші рет 1930 жылы; үшінші рет 1937 жылы сотталған. Сауатсыз, партияда жоқ, үйленген, әлеуметтік жағдайы бойынша колхозшы.

17. Әділбаев Ахмет. Туған күні және т.б. деректер жоқ, белгісіз. Ақмоладан. Мединадағы «Ишфха» медресесін, XIX ғасырдың аяғында Египеттегі (Каир) «Джамие Агхари» жоғары медресесін бітірген.

18. Исабаев Маден. 1877 жылы туған, қазақ. Туған жері: Ақмола облысы, Сталин ауданы, № 6 ауыл. Кіммен және қашан қамауға алынды: 02.08.1937 ж., Сталиндік НКВД РО. Кіммен және қашан сотталды: 19.09.1937 жылы СҚО бойынша НКВД үштігімен, РКФСР ҚК-нің 58-10, 58-11-баптары бойынша. Күні және ақтау органы: 05.08.1959 жылы Ақмола облыстық сотымен. Істі тоқтатудың себебі — қылмыс құрамының болмауы. Білімі — бастауыш. Қамауға алынғанға дейін: Ақмола облысы, Қызыл ту колхозында тұрған. Қызметі — молда.

19. Нетесов Григорий Васильевич. 1884 жылы туған, орыс. Туған жері: Көкшетау уезі, Щучье болысы, Дмитриевка селосы. Кіммен және қашан қамауға алынды: 15.03.1928 ж., ОГПУ Ақмола губерниялық бөлімі. Кіммен және қашан сотталды: 29.07.1928 жылы ОГПУ Алқасы жанындағы ОЖ мен РКФСР ҚК 58-10-бабымен үш жылға жер аударылуға жіберілді. Күні және ақталу органы: 19.09.1989 жылы Көкшетау облысының прокуратурасы. Істі тоқтату себебі: КСРО ПВС-ның 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығы. Білімі — бастауыш. Қамауға алынғанға дейін: Ақмола облысы, Щучье ауданы, Дмитриевка селосында тұрған. Қызметі: Дмитриевка селосында діни қызметші.

20. Никонов Диомид Егорович. 1869 жылы туған. Білімі — бастауыш. Қамауға алынғанға дейін: Ақмола облысы (Целиноград), Алексеевка селосында тұрған. Кіммен және қашан қамауға алынды: 15.11.1929 жылы ОГПУ Ақмола бөлімі. Кіммен және қашан сотталды: 30.01.1930 жылы ОГПУ ІІІ жанындағы үштік. Бап: РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-10-бабы, үш жыл мерзімге жер аудару. Күні және ақтау органы: 19.09.1989 ж., ҚазКСР прокуратурасы. Істі тоқтату себебі: КСРО 1989 жылғы 16 қаңтардағы жарлығы. Қызметі: шіркеу кеңесінің төрағасы.

21. Приходченко Лука Семенович. 1880 ж. туған. Ұлты беларус. Туған жері: Могилев губерниясы, Гомель округі. Білім — бастауыш. Кіммен және қашан қамауға алынды: 03.11.1930 ж. Петропавл округінің ОГПУ бөлімі. Кіммен және қашан сотталды: 06.12.1930 жылы Петропавл қаласының ОГПУ ІІІ жанындағы үштікпен РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-10-бабы бойынша 5 жылға бас бостандығынан айырылды. Күні және ақтау органы: 05.09.1998 жылы ҚР Бас прокуратурасы. Істің тоқтатылу себебі: ҚР 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңына сәйкес. 1930 ж. қамауға алынғанға дейін: Ақмола облысы, Балқаш ауданы, Ново-Саратовка ауылында тұрған. Қызметі: діни қызметші.

22. Сүлейменов Пазыл. 1888 жылы туған, қазақ. Туған жері: Қарағанды облысы Ақмола ауданының Қосқопа ауылы. Білімі — орта. Кіммен және қашан қамауға алынды: 15.11.1936 жылы Ақмола РО НКВД. Кіммен және қашан сотталды: 30.05.1937 жылы Қарағанды облыстық сотымен РКФСР Қылмыстық Кодексінің 58-10-бабына сәйкес 8 жылға бас бостандығынан айырылып, жазасын еңбекпен түзету лагерінде өтеген. Күні және ақтау органы: 08.07.1998 жылы ҚР Бас прокуратурасы. Істің тоқтатылу себебі: 1993 жылғы 14 сәуірдегі ҚР Заңы. 1936 жылы қамауға алынғанға дейін: Ақмола облысы, Қызыл ту колхозында тұрған. Қызметі — молда.

23. Токсамбаев Жармағамбет. 1860 жылы туған, қазақ. Туған жері: Қарағанды облысы, Қорғалжын ауданы, 9-ауыл. Кіммен және қашан қамауға алынды: 07.04.1936 жылы Ақмола РО НКВД. Кіммен және қашан сотталды: 01.07.1937 жылы Қарағанды облыстық соты. РКФСР ҚК 58-10-бабы бойынша 10 жылға бас бостандығынан айырылған, жазасын еңбекпен түзету лагерінде өтеген. Күні және ақтау органы: 09.07.1998 жыл ҚР Бас прокуратурасы. Істің тоқтатылу себебі: 1993 жылғы 14 сәуірдегі ҚР Заңы. Қамауға алынғанға дейін: Қазақстан, Қосқопа ауылында тұрған. Қызметі: молда.

24. Усачев Петр Павлович. 1892 жылы туған, орыс. Туған жері: Петропавл округі, Балқаш ауылы. Білімі — бастауыш. Кіммен және қашан қамауға алынды: 16.08.1929 жылы Петропавл ОГПУ-ның округтік бөлімі. Кіммен және қашан сотталды: 29.01.1930 жылы ОГПУ Алқасы жанындағы ОЖ, РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-10-бабына сәйкес үш жылға концлагерде бас бостандығынан айырылды. Күні және ақтау органы: 19.09.1989 ж. Көкшетау облыстық прокуратурасы. Істі тоқтату себебі: КСРО-ның 1989 жылғы 16 қаңтардағы Жарлығы. 1929 жылы қамауға алынғанға дейін: Ақмола облысы, Балқаш ауылында тұрған. Қызметі: поп.

25. Утеулин Абуталип. 1855 жылы туған, қазақ. Туған жері: Солтүстік Қазақстан облысы, Еңбекшілдер ауданы, 11-ауыл. Білімі — бастауыш. Кіммен және қашан қамауға алынды: 16.10.1930 жылы ОГПУ Петропавл округі. Кіммен және қашан сотталды: Қазақстандағы ОГПУ ІІІ жанындағы үштіктің отырысы, 06.12.1930 жылы РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-10-бабы, 5 жылға бас бостандығынан айырылды, жазасын еңбекпен түзету лагерінде өтеген. Күні және ақтау органы: 31.05.1989 жыл Көкшетау облысының прокуратурасы. Істі тоқтату себебі: КСРО 1989 жылғы 16 қаңтардағы Жарлығы. 1930 жылы қамауға алынғанға дейін: Ақмола облысы (Целиноград) Еңбекшілдер ауданының 11-ауылында тұрған. Қызметі: имам.

Көріп отырғанымыздай істі болып, 58-бап бойынша сотталған тізімдегі адамдар толықтай діни қайраткерлер екенін байқаймыз. Кейбіреулері тіпті екі немесе үш рет істі болғандар. Барлығы да сол кездегі сауатты, көзі ашық, ел тізгінін ұстаған бай-қуатты азаматтар. Халық алдындағы адал қызметі және діни, саяси көзқарастары үшін олар тыныштық таба алмай, құрығы ұзын кеңес өкіметінің құрбаны болды.

Қорытынды

Соңында айтарымыз өткен ғасырдың 20-30 жылдарындағы қуғын-сүргін — еліміздің тарихындағы жазымаған жара болып қала бермек. Сол кездегі соттау істерінің құпиялығы, уақытқа байланысты әдейі жойылуы немесе жасырылуы өкінішке орай шындықты жасырды және көптеген ақтандарды қалдырды. Бүгінге дейін кінәсіз қуғын-сүргінге ұшырағандардың барлығы бірдей ақталған жоқ. Қазіргі ұрпақтың міндеті сол кеңестік саясаттың жазықсыз құрбаны болғандарды түпкілікті ақтау. Әрине біз уақытты өзгертіп, қуғын-сүргін қиянатын көрген жандардың тағдырларын қалпына келтіре алмаймыз, оларды қайта тірілте алмаймыз. Бірақ, келешек ұрпақ үшін басты парызымыз, сол кінәсі жоқ адамдардың шынайы бейнесін сақтап, тарихи әділдікті қалпына келтіріп, түпкілікті ақтау болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1 Холявченко Д.С. Очерки истории идеологической деятельности КПСС / Д.С. Холявченко, С.Н. Ушакова. — М., 1985–1986. — 416 с.

2 Мусагулова А.Б. Борьба Советской власти против религии и ее отрицательные последствия в национальном самосознании / А.Б. Мусагулова. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://pps.kaznu.kz/2/Main/FileShow2/21755/84/2/4/0/>

3 Российский государственный архив социально-политической истории (РГАСПИ). — Ф. 17. — Т. 13. — Д. 315. — Л. 19–23.

- 4 Сайынов Д. Кеңес үкіметінің дінге қарсы саясаты және діни тұлғалардың қудалануы [Электрондық ресурс] / Д. Сайынов. — Қолжетімділік тәртібі: <https://alash24.kz/news/14201> 22.09.2021.
- 5 ҚР ОМА. — 81-қ. — 4-т. — 3-іс. — 277-284-п.
- 6 Тарихи сананы жоюдың ерекше тәсілдері қолданылған [Электрондық ресурс]. — // Егемен Қазақстан. — 2021. — 15 қазан. — Қолжетімділік тәртібі: <https://egemen.kz/article/292935-tarikhi-sanany-dgoyudynh-erekshe-tasilderi-qoldanylghan>.
- 7 Астана қаласының Мемлекеттік мұрағаты. — 65-қ. — 1-т. — 5381-іс.

К.С. Ускембаев, С.А. Ескалиев, К.Т. Бодеев

Борьба советской власти против религии в 1920–1930-е гг.

Доктрина установления социализма в Советском Союзе стала реализовываться через задачи индустриализации, коллективизации, культурной революции, формирование науки и культуры, интеллигенции, служащей советской идеологии и нового образа жизни. В этом контексте авторы настоящей статьи определяют политику, проводимую советской властью против религии, религиозных деятелей в 1920–1930-х годах. Рассматривают один из периодов длительной антирелигиозной политики советского правительства. На основе архивных материалов авторы раскрывают правду о репрессиях, возбужденных уголовных делах, связанных с религиозными деятелями, а также о проводимых специальных мероприятиях среди населения с целью превращения общества в «безбожников».

Ключевые слова: казахские религиозные деятели, исламские ценности, репрессии, уголовные дела, государственная политика, народная память.

K.S. Uskembayev, S.A. Yeskaliyev, K.T. Bodeyev

The struggle of the Soviet government against religion in the 1920s and 1930s.

The doctrine of establishing socialism in the Soviet Union began to be implemented through the tasks of industrialization, collectivization, cultural revolution, formation of science and culture, intellectuals serving the Soviet ideology and new way of life. In this context, the authors of the article define the policy pursued by the Soviet authorities against religion and religious figures in the 1920s and 1930s. The authors also examine one of the periods of the Soviet government's long anti-religious policy. Based on archival materials, the authors write about repressions, initiated criminal cases related to religious figures, as well as special activities conducted among the population in order to turn the society into "godless".

Keywords: Kazakh religious figures, Islamic values, repression, criminal cases, state policy, national memory.

References

- 1 Kholiavchenko, D.S., & Ushakova, S.N. (1985). Ocherki istorii ideologicheskoi deiatelnosti KPSS [Essays on the history of the ideological activity of the CPSU]. Moscow [in Russian].
- 2 Musagulova, A.B. Borba Sovetskoi vlasti protiv religii i ee otritsatelnye posledstviia v natsionalnom samosoznanii [The struggle of the Soviet government against religion and its negative consequences in the national consciousness]. Retrieved from <https://pps.kaznu.kz/2/Main/FileShow/21755/84/2/4/0/> [in Russian].
- 3 Rossiiskii gosudarstvennyi arkhiv sotsialno-politicheskoi istorii [Russian State Archive of Socio-Political History]. — F. 17. — Vol. 113. — P. 315 [in Russian].
- 4 Saiynov, D. Kenes ukimetinin dinge qarsy saiasaty zhane dini tylgaldardyn qudalanuy [The anti-religious policy of the Soviet Government and the persecution of religious figures]. Retrieved from <https://alash24.kz/news/14201> 22.09.2021 [in Kazakh].
- 5 Qazaqstan Respublikasynyn Ortalyq memlekettik arkhivy [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 81. — Vol. 4. — C. 3. — P. 277-284 [in Kazakh].
- 6 Tarikhi sanany zhoiudyn erekshe tasilderi qoldanylghan [Unique ways of destroying historical consciousness were used]. Retrieved from <https://egemen.kz/article/292935-tarikhi-sanany-dgoyudynh-erekshe-tasilderi-qoldanylghan> [in Kazakh].
- 7 Astana qalasynyn Memlekettik muragaty [State Archive of Astana city]. — F. 65. — Vol. 1. — C. 5381 [in Kazakh].

Авторлар туралы мәліметтер

Ускембаев Канат — т.ғ.к., әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар Жоғары мектебінің профессоры, Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан; <https://orcid.org/0000-0001-7154-8303>

Ескалиев Самат — т.ғ.к., профессор ассистенті А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Астана, Қазақстан; <https://orcid.org/0000-0002-6664-1738>

Бодеев Канат — PhD, археология, этнология және Отан тарихы кафедрасының профессор ассистенті, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан; <https://orcid.org/0000-0002-2172-1558>

Information about the authors

Uskembayev Kanat — Candidate of history, assistant professor of the Department of higher school of social and human sciences, International University Astana, Astana, Kazakhstan.

Yeskaliyev Samat — Candidate of history, assistant professor, A. Kusayinov Eurasian Humanitarian Institute, Astana, Kazakhstan.

Bodeyev Kanat — PhD, assistant professor of the Department of archeology, ethnology and Kazakhstan history, Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan.

Buketov University